

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Құқықтану

Шифр: 5В030100

Прокурорлық қадағалау пәні бойынша дәріс тезистері

**1-Дәріс. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ. «ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ» КУРСЫНЫҢ
ПӘНІ МЕН ЖҮЙЕСІ.**

«Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалау» курсының түсінігі, пәні және жүйесі. Прокурорлық қадағалаудың мәні мен мақсаты.

ҚР прокуратура органдарының ұйымдық-құқықтық және заңнамалық мәртебесі. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі прокуратураның орны және олардың ара-қатынасы. Прокуратураның конституциялық міндеттері. 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық тұжырымдамасы, 17.08.2010 жылғы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 29.12.2010 жылғы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне прокуратура органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы прокурорлық қадағалау жөнінде. Елде заңдылықты нығайту ісіндегі прокуратураның үйлестіруші және басқа да рөлі.

«Прокурорлық қадағалау» курсының мәні дегеніміз құқықтық реттеу, тағайындау, міндеттері, функциялары, ҚР прокуратура органдарының қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары. Оның органдары мен мекемелерінің жүйесі және құрылымы, жоғары қадағалауды іске асыру кезіндегі прокурорлардың өкілеттілігі, сотта мемлекет мүддесін білдіру, қылмыстық қудалауды іске асыру, құқық қорғау органдарының үйлестіру қызметтері, мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарын білдіру.

Прокуратураның және оның мекемелерінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынышты прокурор заңдардың дәл және бірыңғай қолдануына жүргізетін жоғары дәрежелі қадағалауды іске асыру барысында қалыптасатын құқықтық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы **прокурорлық қадағалаудың пәні** болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83 бабына сәйкес, прокуратура биліктің ешбір тармағына жатпайтын, тек Қазақстан Республикасының Президентіне ғана бағынышты (оған есеп беретін) дербес мемлекеттік орган болып табылады.

Ал **прокурорлық қадағалауды** – жоғары қадағалау деп атаудың себебі, прокурорлық қадағалау мемлекет атынан іске асады, яғни жалпы мемлекеттік сипаты болады.

Прокуратура органдары қызметінің негізгі мақсаты:

- Заңның дәл және бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету;
- Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- Заңмен қорғалатын мемлекет пен қоғам мүддесін қорғау.

Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 жылғы «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес жоғары прокурорлық қадағалау негізгі бағыттар арқылы құрылады.

Аталған нормативтік актіде прокуратура оған жүктелген міндеттерді жүзеге асыру

үшін келесідей бағыттар арқылы әрекет етеді:

1. Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2. Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды анықтайды және оларды жою шараларын қолданады;

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

4. адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

5. жедел-іздігі қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

6. анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

7. әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

8. атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

9. өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың норма шығармашылық қызметіне қатысады;

10. сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

11. заңда белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

12. статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңнаманың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

13. заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіреді;

14. халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

15. «Прокуратура туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2-Дәріс. ҚАЗАҚСТАНДА ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ.

В.И.Лениннің Политбюроға «екі жақты бағыну» хатының маңызы және заңдылықты құруда, дамытудағы Кеңес прокуратурасының орны. Заңдардың дәлме-дәл әрі бірыңғай қолданылуына прокурорлық қадағалауды құқықтық реттеу. Прокуратура органдарының тарихы. КСРО-ның 28 мамыр 1922 жылғы прокурорлық қадағалау туралы бірінші Ереже. Қазақстандағы 13 шілде 1922 жылғы прокурорлық қадағалау туралы Ереже.

1302 жылы Филипп IV король арденансының негізінде қалыптасты. Оған сәйкес Корольдық соттың жанында Ұлы мәртебелінің прокуроры лауазымы белгіленді.

Жалпы «**прокурор**» деген сөз латын сөзінен шыққан, «қамқорлық жасаймын, сақтандырамын» деген мағынаны білдіреді

Ресей империясында орыстың Ұлы патшасы I Петрдің 12 қаңтар 1722 жылғы жарлығымен құрылған. Бұл органда құра отыра оны мемлекет істерін бақылаушы, мемлекеттің қырағы, көзі деп атаған

28 мамыр 1922 жылы бүкіл Россиялық орталық комитеттің 3-ші сессиясында прокуратураны құру туралы ереже қабылданды.

13 шілде 1922 жылы Қазақ орталық комитеттің «Қазақ автономиялық

Республиканың прокуратурасын құру туралы» қаулысы шығарылды. Бұл күн бүгінгі күнде прокуратураның кәсіби мейрамы болып саналады.

Бекмухаметов Шапхат Мухамедович - тұңғыш прокуроры болып саналады. «Әділет халық комиссары», «Республиканың прокуроры» лауазымдарға ие болды.

17 қаңтар 1933 жылы «КСРО одағының прокуратурасы туралы» ереже қабылданды. Прокуратура Жоғарғы Соттың жанынан алынып, өз алдына шығарылды.

КСРО одағы орталық атқарушы комитеті мен халықаралық комиссиялар кеңесі 1936 жылы КСРО одағының «Әділет халық комиссияраты туралы» қаулы шығарады. Осыдан бастап прокуратура Әділет органынан шығарылып, дербес өз алдына мемлекеттік орган ретінде бөлініп шығарылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің төралқасының 24 мамыр 1955 жылғы қаулысымен «прокурорлық қадағалау туралы» ереже қабылданды.

Кенес дәуіріндегі соңғы жалпы одақтық нормаивтік акті 30 қараша 1979 жылы КСРО одағы прокуратурасы туралы заң қабылданды.

1991 жылы 6 желтоқсанда ҚазССР-нің Жоғарғы Кеңесі «ҚазССР прокуратура органның біріңғай жүйесін құру және олардың тәуелсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылдады.

1992 жылы 17 қаңтарда «Прокуратура туралы» тұңғыш заң қабылданды.

3, 4-Дәріс. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Принцип түсінігі және оның прокуратураны ұйымдастыру мен қызметіндегі маңызы. Прокуратуралық жүйені ұйымдастырудың конституциялық негіздері. Прокуратураның біртұтастығы мен орталықтандырылуы қағидасы. Прокуратураның тәуелсіздігі қағидасы (прокуратуралық иммунитет). Прокуратура қызметіндегі заңдылық қағидасы. Прокуратуралық қадағалаудың жариялылық қағидасы.

Прокуратураға қатысты оның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидасы деп – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңында, өзге де нормативтік құқықтық актілерде баянды етілген, прокуратураның мақсат- міндеттерін құқықтық тұрпатын айқындайтын, прокурорлар өз өкілеттіктерін іске асыру үшін. Қолданылатын құқықтық құралдарын және әдістерін сипаттайтын ережелерді айтамыз.

Ол ережелер немесе қағидалар Қазақстан Республикасының Конституциясының 83 бабында және «Прокуратура туралы» заңының 3 бабында шоғырланған.

Прокуратураның біртұтастығы деп оның құрамына кіретін органдар мен мекемелерінің бір жүйені қалайтындығы, сондай-ақ жоғарғы қадағалауды прокурорлардың бәріне амал-тәсілдерімен, жалпы нысандарда жүргізілгендігі, заңдылықты бұзушылыққа қарсы біркелкі құралдарды қолданылғандығы түсіндіріледі.

Біртұтас жүйеге кіретін аумақтық прокуратура мен мамандандырылған прокуратуралар, сондай-ақ мекемелер өз қызметін бір заңның негізінде іске асырады.

Прокуратураның орталықтандырылғандығы - прокуратура жүйесінің тек бір ғана орталықтан тек Бас прокурор тарапынан басқаратындылығымен түсіндіріледі.

Осы 2 элемент прокуратураның бір бүтінділігін және мызғымастығын білдіреді. Ал оны құптайтын заңдағы келесі мәселелер:

1. прокуратураның төменгілерін жоғарғыларының тағайындалуымен (Бас прокурор).
2. төмендегілер үшін жоғарыдағылардың талап-нұсқауларының атқару міндеттілігімен.
3. төмендегілердің қадағалау актілерінің жоғарыдағылардың кері шақырып алу

құқығымен.

4. төменгілердің жоғарғылардың алдында есеп беру міндеттілігімен.

Заңның 3 бабына сәйкес, прокуратура өз қызметін басқа мемлекеттік органдардан олардың лауазымды тұлғаларынан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ азаматтардан тәуелсіз түрде жүзеге асырады.

Мұндай тәуелсіздік бірінші кезекте жоғарғы қадағалаудың заңға сәйкес, объективтік тұрғысынан іске асырылуы үшін қажет.

Прокуратураның тәуелсіздігі мынадай кепілдіктермен қамтамасыз етіледі:

1. заңдармен прокуратура жүйесі саясаттан алыстатылған, яғни прокурорларға қандай да болсын саяси партиялардың мүшесі болуға және олардың құқықтарын қорғауға тыйым салынады.

2. прокуратура жүйесі тек республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады.

3. заңмен прокуратураның қызметіне араласуға тыйым салынған және оны бұзған жағдайда жауаптылық қарастырылған.

4. прокуратураның заңды талаптары мен қадағалау актілерін орындаудан бұлтары жауапкершілікке әкеп соғады.

5. прокуратура әлеуметтік жән құқықтық қорғаумен қамтамасыз етіледі.

6. прокурорларға ешкімнің тиіспеуі (иммунитет) қамтамасыз етіледі.

ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.

Прокуратура органдары жүйесінің түсінігі. Прокуратура органдарының құрылымы. Прокуратура органдарын құрудың тәртібі. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жүйесі және құрылымы. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, қызметке тағайындау тәртібі және оның өкілеттіктері.

Облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратура органдары.

Әскери прокуратура және оның органдары. Көлік прокуратуралары. Табиғатты қорғау прокуратуралары.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының біртұтас жүйесін Бас Прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы прокурорлық жүйенің жоғарғы бөлігі болып табылады және барлық прокуратура органдарына және оның мекемелеріне басшылық жасайды. Бас прокуратураны Заңның 12-бабына сәйкес ҚР Бас прокуроры басқарады. Оның ҚР Бас прокурорының ұсынымы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады. Бас прокуратурада төрағасы ҚР Бас прокуроры және мүшелері: бірінші орынбасары және орынбасарлары (лауазымына қарай), ҚР Бас прокуроры тағайындаған басқа прокурорлық қызметкерлер болып табылатын құрамда Алқалар ұйымдастырылады.

«Прокуратура туралы» ҚР Заңының 12-бап 5-тармағына сәйкес Бас прокуратура:

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-іздігі қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығарушылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.

ҚР Бас прокуроры ҚР прокуратура органдарының барлық жүйесін және мекемелеріне және ҚР Бас прокуратурасына тікелей басшылық жасайды.

ҚР Бас прокуроры прокуратура органдарының қызметіне басшылық жасайды және олардың жұмысына бақылау жасауды іске асырады.

Прокуратура органдары мен мекемелерінің қызметкерлеріне міндетті түрде орындау үшін ҚР прокуратура жүйесі қызметтерінің ұйымдастыру мәселелерін және көрсетілген қызметкерлердің материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етілуін іске асырудағы тәртібін реттейтін бұйрықтарды, нұсқаулықтарды, өкімдерді, ережелерді, нұсқауларды шығарады. ҚР Бас прокуроры бөлінген штаттық құрам және еңбек ақы төлеу қоры шегінде ҚР прокуратуралар мекемелері мен бағынышты прокуратуралардың штаты мен құрылымын белгілейді.

ҚР Бас прокуроры департаменттер, басқармалар және бөлімдер бастықтарын және олардың орынбасарларының, кеңесшілердің, Бас прокурордың ерекше тапсырмалары бойынша көмекшілерді және олардың орынбасарларын, аға прокурорларды және департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің прокурорларын қызметке тағайындайды және қызметтер босатады.

ҚР прокуратурасы жүйесінің барлық буындарының прокурорларын да ҚР Бас прокуроры қызметке тағайындайды.

Мамандандырылған прокуратураларға әскери, көлік (темір жол, су, әуе көліктерінде), табиғатты қорғау және ҚР Ішкі Істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесінің (колония және түрме) түзету мекемелерінде заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі прокуратуралар жатады.

Әскери, көлік және табиғатты қорғау прокуратуралары аудандық және облыстық прокуратураларға теңестірілген болып бөлінеді.

Әскери прокуратура құрамын Бас әскери прокуратура, әскери округтік прокуратуралары, гарнизондар прокуратуралары, қала және аудан прокуратураларына теңестірілген біріккен және қосылған әскерлер жатады.

Әскери прокуратура органдарын ҚР Бас прокурорының орынбасары- Бас әскери прокурор басқарады. Оны ҚР Бас прокурорының ұсынуы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ҚР прокуратура органдары жүйесіне ғылыми мекемелер кіреді: С.Есқараев атындағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы заңдылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты.

5-Дәріс. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН МАЗМҰНЫ. ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ САЛАЛАРЫ.

Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары.

Өзінің маңыздылығы бойынша прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзгеше түрі ретінде біртұтас. Мұндай бірлік толығымен ҚР прокуратураның барлық жүйесі үшін біртұтас прокуратура жүйесінің бірлігімен, прокуратура қызметінің

құқықтық базасы бірлігімен байланысты.

Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 1995 жылғы «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес жоғары прокурорлық қадағалау негізгі бағыттар арқылы құрылады.

Аталған нормативтік актіде прокуратура оған жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін келесідей бағыттар арқылы әрекет етеді:

1) Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды анықтайды және оларды жою шараларын қолданады;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

4) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

5) жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

6) анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

7) әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

8) атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

9) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың норма шығармашылық қызметіне қатысады;

10) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

11) заңда белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

12) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңнаманың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

13) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіреді;

14) халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

15) «Прокуратура туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6, 7-Дәріс. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ.ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ АКТІЛЕРІ ЗАҢДЫ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.

Прокуратураның құқықтық актілерінің түсінігі мен жүйесі. Прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттеуші актілер және олардың маңызы. Прокурорлық қадағалаудың тиімділігін қамтамасыз етуші актілер және олардың түрлері. Прокурорлық қадағалау актілеріне қойылатын талаптар.

Прокуратура өз қызметінде жоғары дәрежелі қадағалауды және қылмыстық қудалауды іске асыра отырып, сақталуы мен атқарылуы міндетті нормативтік сипаттағы түрлі актілерді шығарады.

Елбасы өзінің 22 қаңтар 2001 жылғы арнайы жарлығымен Үкімет пен Парламентке прокурорлық қадағалау актілерін орындату міндеттілігін күшейту және жауаптылықты

белгілеу жақтарын қарастырып, ұсыныс енгізуді талап етілген болатын.

Президенттің осы талабы 9 тамыз 2002 жылы заңда көрініс тапты. Мұнда 26-1 бабы пайда болды. Осы бапқа сәйкес қадағалау актілері заңды күшіне енген сот қаулылармен теңестіріліп, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы орындалатындығы көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» заңның 18 бабына сәйкес прокуратураның құқықтық актілері екі топқа жіктеледі:

1) Бұл топқа **қадағалау актілері** кіреді: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс және заңды түсіндіру, үндеу, сақтандыру.

2) Бұл топты прокуратураның өзінің ұйымдастырылуы мен қызметін ретеуші актілерін құрайды. Олардың қатарына: бұйрықтар, нұсқаулықтар, өкімдер, ережелер инструкциялар кіреді. Бұл топтағы актілерді басқаша **ведомстволық актілер** ретінде атайды.

Прокуратураның ведомстволық актілері оның жүйесіне кіретін органдар мен мекемелердің бәріне қатысты нормативтік күші болады, оларды басшылыққа алу және орындау міндетті болып саналады, ал кейбіреулердің ведомствоаралық күші де болады.

Бас Прокурордың бұйрықтары, нұсқаулары және өкімдері прокуратура органдары мен мекемелерінің жүйесі үшін басшылыққа алуға және орындауға міндетті болып саналады және олардың нормативтік күші болады. Олардың кейбіреулері ведомствоаралық болып саналады. Мысалы, қылмыстар жөніндегі арыздарды, хабарламаларды және шағымдарды қабылдау, тіркеуге және есепке алу, сондай-ақ қарау туралы инструкция прокуратура мен қатар Ұлттық қауіпсіздік органдары, Ішкі Істер органдары, Қаржы полициясы және басқа да қылмыстық қудалауды іске асырушы органдар үшін де міндетті.

Прокурорлық қадағалау актілері деп Бас Прокурордың және оған бағынышты прокурорлардың Конституция мен заңнамаға сәйкес және олардың талаптарын орындау мақсатында анықталған заңды бұзушылықты жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, оған кінәлілердің жауаптылығын шешу, және құқық бұзушылықтың себеп-салдарын жою үшін қолданылатын құқықтық құралын айтамыз.

Бұл актілердің органдар мен лауазымды тұлғалардың және азаматтардың атқаруы үшін міндетті күші болады, сондай-ақ нормативтік сипатымен белгіленеді.

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» заңның 18 бабының 1-1) п.п. нормативтік құқықтық актілердің заңды күшін тоқтата тұратын қадағалау актілері жариялануы тиіс.

Прокурорлық қадағалау актілері мазмұнына қарай үш топқа жіктелінеді:

1. Заңдылықты бұзушылықты жоюға бағытталған актілер: *наразылық, ұйғарым, нұсқау.*

2. Бұл топтағы актілер арқылы прокурорлар өздерінің шешімдерін қабылдайды. Олар: *санкция, өтініш.*

3. Бұл топтағы актілер құқық бұзушылықтың алдын-алу немесе болған себеп-салдарын жою үшін қажет (профилактика). Олар: *заңды түсіндіру, ұсыныс.*

Әрбір актінің ерекшеленетін сипаты болады. **1. Мазмұнына сәйкес:** *Наразылық* – бұл қарсы тұру (шығу); *санкция* – біреудің шешімін құптау, қолдау; *нұсқау мен ұйғарым* – талап қою; *заңды түсіндірі мен ұсыныс* – ескерту, алдын-алу; *қаулы* – бұл шешім; *талап арыз* – бұл өтініш.

2. Орындалу міндеттілігі бойынша: келіспеуге рұқсат етілмейтіндер – *ұйғарым, нұсқау, санкция, қаулы, заңды түсіндіру;* келіспеуге рұқсат етілгендер – *наразылық, өтініш, ұсыныс.*

3. Тұлғаларына және адресатына байланысты: *өтініш* – тек сотқа жолданады; *санкция* мен *нұсқау* – қылмыстық қудалауды іске асыратын органдарға жолданады; *наразылық* – органдар мен лауазымды тұлғаларға жолданады; *заңды түсіндіру* – тұлғалардың барлығына қатысты; *ұйғарым* мен *ұсыныс* – азаматтардан басқа тұлғалардың

барлығына жолданады; қаулымен прокурор өз шешімдерін қабылдайды.

4. Орындалу мерзіміне байланысты: Прокурордың өзі белгілеген мерзім ішінде атқарылуға тиістілер – ұйғарым, нұсқау, санкция, қаулы, заңды түсіндіру; Заңда белгіленген мерзімде орындалуға тиістілер – наразылық (10 күн), ұсыныс (1 ай), өтініш (1 ай).

Прокурорлық қадағалау актілеріне қойылатын талаптар:

1. Бұл актілердің мазмұны құқық бұзушылықтың сипатына сәйкес болуы тиіс. Мыс: наразылық заңды бұзу арқылы шығарылған актіге қарсы қойылуы тиіс.

2. Қадағалау актілері өз уақытында, қажетті жағдайда шұғыл түрде шығарылуы тиіс, осылайша олардың тиімділігі артады және қажетті нәтижеге қол жеткізеді.

3. Прокурордың түйіндері мен ұсыныстары дәйекті және негізді болуға тиіс. Олар нақтылай деректерден шығуы қажет.

4. Қадағалау актілерінің нысаны мен мазмұны ұйқастығымен байқалуы тиіс. Яғни актілердің нысаны оның мазмұнын ашуы тиіс.

5. Қадағалау актісі заңи тұрғыдан және стилистикалық жағынан сауатты жазылуы тиіс. Егер актілер осы қойылған талаптарға сәйкес болса, олар өз мақсатын орындай алады.

8-Дәріс. ЖАЛПЫ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҒЫНАСЫ.

Жалпы қадағалаудың мақсаттары және оны қамтамасыз етудегі прокурорлардың өкілеттіктері. Прокурорлық тексерулердің негіздері мен тәртібі. Прокурорлық тексерулердің әдістері мен тактикалық амал-тәсілдері. Тексеру барысына мамандарды қатыстыру. Тексеру нәтижесімен анықталған заңды бұзушылыққа қолданатын прокурорлық қадағалау шаралар. Әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалайтын мақсат-міндеттері. Әкімшілік өндірістің заңдылығын қамтамасыз етудегі прокурордың өкілеттіктері.

Жалпы қадағалау – прокурорлық қызметтің ең кең және үлкен саласы болып саналады, сондықтан да прокурордың бұл саладағы қызметі өте ауқымды және жан-жақты.

Бұл салада прокурор келесі мақсаттарды іске асырады:

1. Адам мен азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ету, органдар мен ұйымдардың, лауазымды және жеке тұлғалардың құқықтық атілері мен іс-қимылдарын заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету.

2. Кез-келген заңды бұзушылықты анықтау мен жою, олардың пйда болуына себеп болған мән-жайларды жою, бұзылған құқықты қалпына келтіру бағытында шаралар қолдану.

Бұл жалпы қадағалаудың пәні болса, оны шектейтін мәселелерге прокуратураның, ұйымдардың, мекемелердің шаруашылық ісіне және азаматтардың жеке өміріне араласпауы жатады.

Бас Прокурордың 2002 жылғы 21 қараша күні № 60 бұйырығымен бекітілген инструкцияға сәйкес прокуратураның осы салада қамтамасыз етуге тиісті басымдық бағыттары мыналар:

1. Заңдар мен нормативтік актілердің Конституцияға, заңдарға және Президенттің актілеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік органдар тарапынан адам мен азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін сақтауды қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік органдар тарапынан экономика саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалау.

5. Жас өспірімдер мен жастар туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету.

6. Табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі заңнаманың сақталуын қадағалау.

7. Саяси партиялардың, бірлестіктер мен ұйымдардың сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінің заңдылығын қадағалау.

Жалпы қадағалау тексеруді құрайтын элементтері:

1. Тексеруді тағайындау (прокурордың осы жөніндегі қаулысын шығарумен басталады).

2. Тексеру барысын жоспарластыру (тексеруге жататын сұрақ, мәселелерді айқындау, оларды атқарушылар мен орындау мерзімдерін белгілеу).

3. Тексеруге байланысты материалдарды жинақтау процесі (жауап алу, мәлеметтерді сұрату, аудиторлық тексерістер мен сарапаманы тағайындау).

4. Тексеру барысына мамандарды қатыстыру және олардың қорытындыларын алу.

5. Тексеру нәтижесін қорыту және талдау арқылы заңды бұзушылықтың фактілеріне баға беру және дәрежелену.

6. Тексеру нәтижесімен қабылдауға тиісті шешімдерді шығару (қылмыстық іс қозғау туралы, әкімшілік өндіріс қозғау туралы және т. б.).

Ал кейбір жағдайларда біраз шешімдер тексерудің басында немесе басқа кезеңдерде шығарала берілуі мүмкін.

Бұл тақырыпта жалпы қадағалаумен қатар әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалауды қарастырудың себебі осы салалардың дербестігін сақтай отырып, прокуратура органдарының барлық буындарда бір құрылымдардың атқарылуымен түсіндіруге болады.

Көпшілік жағдайда әкімшілік істерін қозғау мен қарауға құзіретті органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдар мен қабылдайтын шешімдерінің заңдылығын қадағалайды.

Бірақ бұл жалпы қадағалау құрылымы департамент, басқарма, бөлім, соттың қарауына жатқызылған істерді қадағаламайды. Оны сотта мемлекет мүддесін білдіру құрылымдары іске асады.

2001 жылы 30 қаңтарда қабылдаған «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі мұндай істерді қарау жөніндегі органдардың санын көбейтті. Және бұл кодекстің басқа кодекстерден ерекшелігі – мұнда әрі материалдық әрі процессуалдық нормалар шоғырланғаны бізге мәлім.

Әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалаудың өз алдына мән-маңызы орасан зор. Өйткені, жауаптылықты шешу барысында әрқашан біржақта жай азамат, ал екінші жақта үнемі билікті өкілеттіктері бар мемлекет органдарының немесе ұйымдардың лауазым тұлғасы тұрады.

9, 10-Дәріс. АНЫҚТАУ МЕН ТЕРГЕУДІҢ, ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ.

Жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау пәні және ерекшеліктері. Жедел іздестіру қызметін қадағалаудағы прокурордың өкілеттіктері. Анықтама мен алдын-ала тергеудің заңдылығын қадағалаудың пәні мен мазмұны. Қылмыс туралы арыздардың, хабарламалардың қабылдануы, тіркеуге және есепке алынуы және қаралуының мәселелерін қадағалау. Қылмыстық іс қозғау және оны тергеу барысын прокурорлық қадағалау. Тергеудің аяқталуының заңдылығын қадағалау. Прокурор іске асыратын қылмыстық қудалау түрлері, тәртібі және шектері.

Жедел іздестіру заңдылығын қадағалау прокуратура қызметінің жаңа саласы, өйткені, мемлекеттің бұл арнайы қызметі тұңғыш рет 15.09.94ж. заңдастырылды, яғни

«Жедел іздестіру туралы» заң қабылданды, бұған дейін мемлекет қызметінің бұл түрі жария емес (құпия) ведомстволық нормативтік актілермен реттеп келді.

Прокурорлардың ішіндегі тек облыстық және Бас прокурор ғана жедел іздестіру істерімен танысуға құқылы болады, қалғандарының мұндай мүмкіндігі заң түрінде болған жоқ. 16.03.01 ж. аталған заңға және ҚІЖК-не өте көлемді өзгерістер енгізілді.

ТМД мемлекетінің тәжірибесінде жоқ тұңғыш рет жедел іздестіру қызметінің нәтижесін жария ету мүмкіндігі жөніндегі норма енгізілді.

Жедел іздестіру қызметіне араласқан қызметкерді, тіпті оның барысында агенттік қызмет жасаған адамдарды куә ретінде іске тарту мүмкіндігін туғызып отыр.

9.08.02 ж. «Прокуратура туралы» заңға енгізілген толықтыруға сәйкес (29 б. 2-1), 2-2) п.) енді прокурор жедел іздестіру шараларын өз бастамасымен жүргізуді тапсыра алады.

Жедел іздестіру қызметін қадағалаудың өзектілігі ең алдымен, азаматтардың ата заңмен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау болып табылады. өйткені қылмысқа қарсы күрес жүргізетін органдар мен олардың лауазымды тұлғалары қызмет міндеттерін асыра пайдалану құқықтар мен бостандықтарына нұқсан келтіріп жатады. (Мысалы, 1986 жылы желтоқсан айында қозғалыс нәтижесінде көптеген азаматтарды мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлері кино, видео документтерімен қылмыстық жауаптылыққа тартып, жаза қолдану фактілері болған).

Сондықтан да Жедел іздестіру қызметін заң реттеуі қажет. Бұл қызметтің заңдылығын қадағалайтын прокурор арнайы дайындықтан өткен мемлекеттік құпияға тиісінше рұқсат түрін алған болуы тиіс және өз кезегінде құпияны жария етпеу жөнінде қолхат береді.

Тергеу мен анықтаманың заңдылығын қадағалау мынадай мақсаттарды алға қойып іске асырады:

1. бірде-бір қылмыстың ашылмай қалмауын, сондай-ақ қылмыс жасаған бірден-бір адамның жауаптылықтан бой тасалап кетпеуін көздейді.

2. азаматтарды қылмысқа күдікпен ұстау тек қана заңда көрсетілген негіздер мен тәртіп бойынша іске асыруды көздейді.

3. ешкімнің қылмыстық жауапкершілікке заңсыз және дәйексіз тартылмауын және құқықтың заңсыз шектелмеуін көздейді.

4. заңмен белгіленген қылмыстық істерді қозғау, тергеу тәртібінің, мерзімдерінің қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың және басқа азаматтардың құқықтарының сақталуын көздейді.

5. қылмыстарды тергеу барысында заңдардың олардың жан-жақтылығын, толықтылығын және объективтілігін қамтамасыз ету жөніндегі, айыпкердің жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды қамтамасыз ететін талаптардың сақталуын көздейді.

6. қылмыстың болуына себеп болған мән-жайларды анықтап, оларды жою шараларын іске асыруды көздейді.

Бас прокурордың тергеудің заңдылығын қадағалау жөніндегі бұйрығында көрсеткен басымдылық ететін бағыттары:

1. адам мен азаматтардың қылмыстық іс жүргізу барысында конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау.

2. ҚР-ның «Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізу туралы» заңның қолданылуын қадағалау.

3. қылмыс туралы арыздар мен хабарламалардың қабылдануы, тіркеу мен есепке алынуын және шешілуінің заңдылығын қадағалау.

4. нашақорлық және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы жүргізілетін күрес туралы заңдардың қолданылуын қадағалау.

5. экономика және қаржы саласындағы қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заңдылықтардың қолданылуын қадағалау.

6. қылмыстың ұйымдасқан түрлеріне қарсы күрес жөніндегі заңдардың қолданылуын қадағалау.

7. қылмыстың жағдайы мен ашылу мәселелерін зерттей отырып, оның тууына себеп болған мән-жайларды жою шараларын қарастыру.

Прокуратура Конституцияға, «Прокуратура туралы» заңға сәйкес және қылмыстық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1. оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы;

2. қылмыстық іс қозғайды немесе қылмыстық іс қозғауға рұқсат беруден бас тартады;

3. анықтама немесе алдын-ала тергеу жүргізу үшін тиісті органға прокуратура қозғаған қылмыстық істерді береді;

4. заңда көзделген жағдайларда жедел-іздігі қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жасайтын іс-әрекетіне санкция береді;

5. жекелеген тергеу әрекеттері бойынша іс жүргізуге қатысады;

6. қол сұғуға болмайтын құқыққа ие адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім алу үшін ұсыныс енгізеді;

7. істі сотқа жібереді.

Айыптау қорытындысымен келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор немесе оның орынбасары анықтама мен тергеу органдарының заңдардың талаптарын сақтауын және айыптыны сотқа беру үшін негіздердің жеткілікті екенін тексеруге міндетті.

Қылмыстық істі сотта қарау үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда прокурор немесе оның орынбасары істі сотқа жібереді.

Істі сотқа жіберген кезде прокурор:

1. істің жүргізілуін тоқтатуға немесе адамға қатысты қудалауды тоқтатуға;

2. айыптау қорытындысынан жекелеген айыптау тармақтарын алып тастауға, жеңілдірек ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға;

3. тыю шарасын таңдап алуға, өзгертуге немесе жоққа шығаруға;

4. қосымша тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтаруға құқылы.

11, 12-Дәріс. СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ.

Прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жұмысын ұйымдастыру. Қылмыстық сот өндірісіндегі прокурордың процессуалдық жағдайы мен атқарылатын ролі. Прокурордың алқабилердің қатысуымен қаралатын істерге қатысуы. Прокурордың сот тергеуі мен жарыссөзіне қатысуы. Айыптау сөзі. Сот қаулыларының заңдылығын қадағалау мәселелері. Оның апелляциялық (кассациялық) және қадағалау өндірісіне қатысуы. Істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қарау барысында прокурордың ролі мен орны. Прокурордың азаматтық істерге қатысуы және оның қорытындысы. Азаматтық істер бойынша қаулылардың заңдылығын қамтамасыз ету.

Қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор «Прокуратура туралы» заңға, сондай-ақ Республиканың қылмыстық істер жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзге де заңдарына сәйкес шғағым және қадағалау тәртібімен өз өкілеттігін жүзеге асырады.

Соттың (судьяның) ісбойынша шешімімен, үкімімен немесе өзге қаулысымен оның заңға сәйкессіздігі немесе негіссіздігі себепті келіспеген жағдайда, прокурор істі қайта қарау немесе құқықтық актінің күшін жою не өзгерту туралы жоғары тұрған сотқа наразылық беруге құқылы.

Прокурор өзінің істің сотта қаралуына қатысу-қатыспауына қарамастан, соттың (судьяның) заңды күшіне енген заңға сәйкес келмейтін негіссіз шешіміне, үкімі мен өзге де қаулысына жоғары тұрған сотқа наразылық беруге құқылы.

Қылмыстық іс бойынша сот ісіне қатысатын прокурорға қойылатын талаптар:

1. істің мән-жайы мен материалдарын жақсы білуі тиіс.

2. істегі деректерге әлеуметтік, құқықтық және психологиялық талау жасауға міндетті.

3. айыпкердің жауаптылығын ауырлататын мән-жайлармен қатар оған жеңілдік бере алатын мән-жайларды бірдей ескеруі тиіс.

4. оның сөзі жай және ұғынықты болуы тиіс.

Мемлекеттік айыптаушының сөзінің құрылымдары:

1. қылмысқа берілетін қоғамдық әлеуметтік баға.

2. дәлелдемелерді талдау мен бағалау.

3. қылмыстың алдын-алу, жолын кесу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар.

4. қылмысқа берілетін заңи баға (оны дәрежелеу мәселелері).

5. жаза жөніндегі ұсыныстар.

6. айғақты заттардың тағдырын шешу.

7. азаматтық талап арыздарды шешу жөніндегі ұсыныстар.

Прокурор соттың заңды күшіне енген шешімдері, үкімдері және өзге қаулылары бойынша істерді өз құзыретінің шегінде соттан талап етіп алдыруға құқылы.

Соттың заңды күшіне енген шешімі, үкімі мен өзге қаулысы заңға сәйкес келмейтін немесе негіссіз болған жағдайда, прокуро қадағалау тәртібімен наразылық жасайды. Егер наразылық жасау оның құзыретінің шегінен асып кететін болса, онда тиісті прокурор наразылық жасау жөнінде жоғары тұрған прокурорға ұсыныс айтып, өтініш жасайды.

Прокурордың соттың заңды күшіне енген шешіміне, үкімі мен өзге де қаулыларына наразылық жасау және орындалуын тоқтата тұру жөніндегі өкілеттігі заңмен айқындалады.

Республиканың Бас Прокуроры Республика Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеу негіздері бойынша Республика Жоғарғы Сотының жалпы отырысына наразылық енгізеді.

13-Дәріс. АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ. АТҚАРУШЫЛЫҚ ӘНДІРІСТІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Аталған салада прокурорлық қадағалаудың мәні мен маңызы.

Ұсталғандарды, қамалғандарды, сотталғандарды ұстау орындарында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша прокурордың өкілеттіктері.

Бас бостандығынан айыру орындарында прокурорлық қадағалау.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімдерін қолдануға прокурорлық қадағалау.

Азаматтық істер бойынша сот шешімдерін орындау тәртібіне қадағалауды жүзеге асырудағы прокурордың өкілеттіктері.

Үкімдерді орындау- заңды күшіне енген сот үкімдері, ұйғарымдары және қаулылары жүзеге асырылатын, сондай-ақ соттың үкімді орындауға кірісу және оның өзін орындау барысында пайда болатын мәселелерді шешетін қылмыстық процестің соңғы сатысы.

Түзеу мекемелерінің қызметінде прокурорлық қадағалау саласынан тыс қалатын бір де бір учасок жоқ. Прокуратура органдары сотпен тағайындалған жазаны орындау кезінде адамдардың бас бостандықтан айыру орындарында болуларының заңдылығын, сотталғандарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының, олардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауды қамтамасыз ете отырып, түзеу мекемелерінде заңдардың орындалуын қадағалау нәтижелілігін ұдайы арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 43-бабына сәйкес прокурор:

1) сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын;

2) аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын;

3) бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын;

4) азаматтық және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады.

ҚР ҚДЖК-нің 447-457 баптарының, ҚР Бас прокурорының прокуратура туралы Заңының және бұйрықтарының талаптарына сәйкес, прокурорлар үкімдерді орындау сатысында мыналарға қадағалауды жүзеге асырады:

– заңды күшіне енген үкімдерді уақытылы және дұрыс орындауға кірісуін;

– орындауға кіріскен үкімдерді тек заңға сәйкес орындалуын;

– сотталғандарды бас бостандығынан айыру орындарында ұстау заңда белгіленген негіздер және тәртіптер бойынша жүргізілуін;

– сотталғандардың жазаларын өтеу тәртібі мен шарттары, оларды түзеу мен қайта тәрбиелеу туралы заңдардың сақталуын;

– сотталғандардың заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін сақтау қамтамасыз етілуін;

– сотталғандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және сотталғандардың ауруына байланысты дереу босату туралы заңдардың орындалуын.

Прокурор әкімшіліктерде және түзеу мекемелерінде шығарылатын құқықтық актілердің заңдылығын ғана тексеріп қоймайды, сондай-ақ жазаны орындау органдары мен мекемелерінің, оның ішінде тергеу қапалары мен түрмелердің барлық жұмыстарының заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Бас бостандығынан айыру органдарында, әсіресе, қатаң, аса қатаң және жалпы режимдегі колонияларда дәрігерлік қызмет көрсетуді бақылайды.

ҚР Бас прокуроры «Азаматтарды ақтау және жазаның орындалу заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы» 1999 жылғы 15 ақпандағы № 9 бұйрығында прокурорларға қылмыстық жазаны орындаушы түзеу және өзге мекемелерінде заңдардың орындалуына үнемі және қатаң қадағалауды жүзеге асыруды; сотталғандарды онда ұстаудың заңдылығын тексеруді; оларды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтауды; түзеу мекемелерінің әкімшілігімен қабылданатын құқықтық актілердің заңға сәйкестігін тексеруді ұсынады.

Бас бостандықтан айыру орындарында заңдардың орындалуын қадағалау прокурор жұмысының ең қиын учасогы. Прокурорлық қадағалау мәніне түзеу мекемесінде белгіленген тәртіпті сақтау енгізіледі. Прокурор сотталғандарды бір колониядан екіншіге, сондай-ақ колониядан түрмеге және кейін қарай ауыстырулары тек заңға сәйкес жүргізілуіне көңіл аударады. Қамауда заңсыз отырған адамдар анықталған жағдайда, прокурор өз қаулысымен оларды босатады. Еңбек туралы заңның сақталуын тексере

отырып, прокурор барлық сотталғандардың денсаулық жағдайлары мен біліктілігін ескерумен қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысуларына шаралар қолданады.

Прокурор бас бостандықтан айыру әкімшіліктерімен шығарылатын бұйрықтардың, нұсқаулардың, өкімдердің және қзге де құқықтық актілердің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Заңға қайшы келетін құқықтық актіні анықтаған жағдайда, ол әрекетті тоқтатады, содан кейін оларды жоюға немесе заңға сәйкес келтіруге наразылық келтіреді.

Колония қызметкерлерімен заң бұзушылықтар жіберу анықталған жағдайда, прокурор қылмыстық іс қозғауға, сондай-ақ оларға әкімшілік, тәртіптік және материалдық жауапкершіліктер қолдануға құқылы.

Қолданыстағы заңдылық қылмыстар жасағандары үшін сотталған адамдарды жазаларын өтеуден мерзімінен бұрын- шартты түрде босатудың мол мүмкіндіктерін, яғни бұл мадақтау шараларын сотталғандарды қайта тәрбиелеудің маңызды стимулдарының бірі ретінде қарастырады.

Заңда белгіленген шарттар болған жағдайда, сотталушылар жазаны өтеуден мерзімінен бұрын- шартты түрде босатылуы және өтемеген жазасы жеңілдік жазаға ауыстырылуы мүмкін.

Мерзімінен бұрын- шартты түрде босату туралы заңдарды қолдану заңдылығын қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор сотталғандарды мосы мадақтау шарасына ұсыну тәртібінің сақталуын, сондай-ақ сот шешімдерінің заңға сәйкес келуін тексереді.

14-Дәріс. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛАРЫН ІРІКТЕУ, ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ.

Қазақстандық прокурорлардың құқықтық мәртебесі. Прокуратура органдарының қызметкерлері және прокурорлар. Прокуратура органдарына қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар. Прокурордың ант беруі. Аудандық, облыстық және оларға теңестірілген мамандандырылған прокуратуралардың прокурор қызметіне кандидаттарға қойылатын талаптар. Прокуратура органдары кадрларын аттестациялау және олардың біліктілігін көтеру мәселелері. Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбегін реттеу. Прокуратура органдарында қызмет өтеудің тәртібі.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары. Прокурорлардың құқықтық қорғалуы.

Прокурорлық иммунитеттің түсінігі және оның кепілдіктері. Прокурорлардың әлеуметтік қорғалуы. Прокурорлардың еңбегін мадақтау және олардың еңбегіне ақы төлеу мәселелері. Прокуратура органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауаптылығы. Прокурорлардың қызметтік этика Кодексі бойынша прокуратура органдары қызметкерлеріне қойылатын моральдық-этикалық талаптар.

ҚР прокуратура органдарында кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерімен прокуратура органдарының басшыларымен қатар, Кадр қызметінің қызметкерлері айналысады. Кадр қызметтерінің қызметкерлері прокуратура кадрларын іріктеу, орналастыру және тәрбиелеуден басқа кадр жұмыстарының есепке алу және талдау, прокуратураның жедел қызметкерлерін аттестациядан өткізу мәселелерімен айналысады; кадр резервтерімен және ішкі кадр резервтерімен, прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

Аудандық (қалалық) прокуратураларда прокуратура органдарындағы бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу бойынша алдын ала жұмыстар ғана жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, көтермелеу, тәртіптік жазаға тарту, қажетті құжаттарды ресімдеу, жеке іс қағаздарын сақтау мәселелерімен облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардың, сондай-ақ Бас прокуратураның кадр бөлімшелері айналысады.

«Прокуратура туралы» ҚР Заңы және ҚР Бас прокурорының бұйрығы және басқа нормативтік құқықтық актілер прокурор (прокурор көмекшісіне) қызметіне тағайындалатын адамдарға қатысты профессионалды, сондай-ақ рухани-әдепті сипаттағы талаптарды қамтиды. «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 48-бабына сәйкес:

Прокурорлар мыналар болып табылады:

1. Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының аға прокурорлары және басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

2. Прокуратура органдарының қызметкерлері мыналар: прокурорлар қызметіне аттестациядан өткен адамдар және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмыс жүргізетін прокуратура ғылыми ұйымдардың және білім беру ұйымдарының аттестациядан өткен қызметкерлері.

3. Әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің прокуратуралары мамандандырылған прокуратуралар болып ұғынылады.

4. Прокуратура органдарына қызметке алу мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын-ала сұрау салынған және азаматтар міндетті арнаулы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

5. Бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақталмаған негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттар мен әділет органдарынан жағымсыз қылықтары бойынша босатылған адамдар прокуратура органдарына қызметке қабылдануға тиіс емес.

6. Прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымына денсаулық жағдайына қарай прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды, әдетте, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады. Оларды қызметке тағайындағанда сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

7. Прокурорлар болып жоғары заң білімі бар, қажетті іскерлік және моральдық қасиеттерге ие, денсаулық жағдайына қарай прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды азаматтар тағайындала алады. Әскери прокурорлар сонымен бірге әскери қызметшілер болуы керек, оларға әскери қызмет және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңдары толық көлемде қолданылады.

8. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына 25 жасқа толған, прокуратура органдарында кемінде үш жылдық жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

9. Прокуратура органдарының қызметкерлері үш жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Аттестация тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілейді.

10. Прокуратура органдарына қызметке тұңғыш рет тағайындалған адам ант береді, оның мәтінін Республика Президенті бекітеді.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің жоғары кәсіби дайындығы олардың заңды бұзбауға азаматтық күшіне, әділдігіне, сатылмайтындығы мен шыншылдығына сәйкес болу керек. Прокуратура органдарының қызметкерлері денсаулық жағдайына қарай өте қиын жұмыстарды және өзіне жүктелген, әсіресе қылмысқа қарсы күресте адамгершілік міндеттерді орындауға қабілетті болуға тиіс.

Прокурорлық қызметкерлер өздерінің теориялық ілімдерін толықтырып отыру керек. Бәрімізге белгілі жоғары оқу орнында алған білім он-жиырма жыл өткен соң бағаланады. Заң өзгеріп және жетіліп отырады, сондай-ақ тергеу және прокурорлық практика да жетілдіріліп отырады. Қазіргі уақытта барлық ұйымдасқан және сыбайлас

жемқорлық қылмыстардың өсуі жағдайларында қылмыстарды жасау тәсілдері аса жемісті бола бастады. «Егер білімді күн сайын толықтырып отырмасаң, олар азаяды» деген ақиқат бар екені белгілі. Сондықтан, прокуратура органдары жедел қызметшілерінің қызметтері жүріп жатқан жағдайда, олар өздерінің кәсіби деңгейін, өз құзыреттерін және кәсіби біліктілігін арттыруға тиіс.

15-Дәріс. КЕЙБІР ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ.

Шет елдерде прокуратураны ұйымдастырудың моделдері. Англо-саксондық құқықтық жүйедегі кейбір шет елдердегі прокуратура. Континенталдық құқықтық жүйедегі кейбір шет елдердегі прокуратура. ТМД елдерінің прокуратурасы. Халықаралық қылмыстылық, есірткі бизнесі, адам сату, діни экстремизм және терроризммен күрес аясындағы ынтымақтасты. Көптеген мемлекеттер прокуратураларының арасындағы ынтымақтастық.

Прокуратура көптеген елдерде жалпы мүдделерді (жалпыұлттық) қорғауға, құқықтың үстемдігін ең әуелі жариялы билік пен халықтың арасындағы қатынастарда нығайтуға ат салысады. Оның заңдылық режимін, құқықтардың қорғалуын қамтамасыз етуі бұл институттың әлеуметтік маңыздылығына сілтейді. Дәл осы мақсаттарға көпшілік елдердің прокуратуралары сай және сол үшін бұл орган құрылған да.

Мемлекет механизміндегі орнына, ұйымдық және функционалдық тәуелсіздігіне (автономиясына) байланысты прокуратураның бірнеше модельдерін атауға болады:

1. Тәуелсіз конституциялық орган ретінде (ТМД елдері, Албания, Венгрия, Вьетнам, Испания, ҚХР, Куба, Латвия, Литва, Македония, Португалия, Сербия, Словакия, Хорватия, Монғолия, Индонезия, Латын Америка елдері түгел дерлік, Португалия және оның бұрынғы колониялары).

2. Басқа мемлекеттік органның қарамағындағы, яғни төмендегідей:

- Үкіметтің әкімшілік бағыныштылығындағы (Әділет министрлігі) мемлекеттік айыпты қолдаушы орган ретінде. Бұл модельдің ішінде де бірнеше түрлері кездеседі. Мысалы, прокуратурасы ұйымдық жағынан Әділет министрлігіне бағындырылғанымен функционалдық дербестігін сақтаған елдер: Франция, Бельгия, Люксембург, Чехия, Румыния, Словения, Түркия, Финляндия, Корей Республикасы, Эстония, Жапония. Әділет министрлігінің толық қарамағындағы орган ретінде: Данияда, Польшада, Филиппинада сақталған.

- Атқару мен сот биліктерінің араларында орын алған орган ретінде: Францияда, ФГР-да, Бельгияда, Египетте, Италияда орын алған. Үкіметтің бағыныштылығына берілген орган ретінде: Швеция мен Швейцарияны атауға болады. Сот билігінің қарамағына берілген елдер: Әзірбайжан, Андорра, Болгария, Грузия, Испания, Латвия, Молдова, Иран;

3. Үкіметтің юридикалық қызмет көрсету органы ретінде – Біріккен корольдықта, жалпы құқықтық басқа елдерде – Австралиялық одақта орын алған. Типіне қарамай бағындырылуы да ерекшеленетіні бар. Мысалы, Швецияның прокуратурасы үкіметке бағындырылған.

4. Әділет министрлігімен (департаменттерімен) ұқсастырып, яғни прокуратура атқаратын функцияларға ұқсас қызмет жасайтын орган ретінде АҚШ пен Канададағы атторнейлік қызмет болып табылады.

ТМД және Балтика мемлекеттерінің жариялы билік жүйесіндегі прокуратураның орны мен рөлін анықтау қызықты оқиғалардың бірі. Грузия Конституциясы (91 бап) прокуратураны «сот билігінің құрамында» деп тікелей атайды. Ал өзге елдердің Конституциялары билік жүйесінде прокуратура жанама нысанда орын алады. Бұл институт жөніндегі нормаларды тиісті тараулар мен бөлімдерге орналастырған. Мысалы, Қырғызстан Конституциясында атқару билігі жөніндегі тарауға енгізілсе [19.159], ал Молдавия, Литва Конституцияларында-сот билігі жөніндегі тараудан орын алған.

Бірақ прокуратура туралы нормалардың Негізгі заңның мәтінінде жанама нысанда орын алуының жалғандығы сирек жағдай емес, дәлірек келер болсақ, 1995 жылғы Әзірбайжан Конституциясы, 1995 жылғы Армения және 1995 жылғы Қазақстан Конституцияларында прокуратура туралы нормаларды «Сот билігі» деп аталатын тарауға енгізген (Қазақстанда «Соттар және сот төрелігі» деген тарау), бірақ осыларға қарамастан ол нормаларда прокуратураның мәртебесі сот билігінен тіпті тәуелсіз екендігі баршамызға мәлім.

Осы мәселеге орай 1994 жылғы Пәкістан, 1992 жылғы Түркменстан және Өзбекстан елдерінің Конституцияларында сот туралы тараудан кейін прокуратура органдарына жеке тарау арналған. Ал Украинаның 1996 жылғы Конституциясында «прокуратураға» арналған бөлім «сот төрелігі» бөлімінің алдын алған. Беларусияның Негізгі заңында прокуратура туралы ереже мемлекеттік бақылау комитеті жөніндегі тараудың жалпы бөлімшелерімен біріктірілген.

Ереже бойынша, жариялы билік жүйесіндегі прокуратураның орнын нақты көрсететін нұсқауларды осы институттың қызметін реттейтін заңнамалардан табуға болады. Мысалы: «Қырғыз Республикасының прокуратурасы-атқарушы билік жүйесіндегі мемлекеттік орган» («Қырғыз Республикасының прокуратура» туралы Заңының 1-ші бабы); «Прокуратура өз функциясын сот органдарының жүйесінде автономды орган ретінде жүзеге асырады» (Молдова Республикасының «Прокуратура» туралы заңының 1-бабының 4-бөлігі); «Прокуратура осы заңмен анықталған өз құзыретінің шегінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды дербес жүзеге асыратын сот билігінің органы болып табылады» (Латвия Республикасының «Прокуратура» туралы заңының 1-бабының 1-бөлігі); «Грузия Прокуратурасы» сот билігін ұйымдастырушы болып табылады... (Грузия «Прокуратурасы» туралы Заңының 1-бабының 1-бөлігі); «Әзірбайжан Республикасының прокуратурасы-сот билігі жүйесіне кіретін, аумақтық және мамандандырылған прокуратуралардың бағыныштылық негізде Әзірбайжан Республикалық Бас прокурорына бағынатын біртұтас орталықтандырылған орган болып табылады (Әзірбайжан «Прокуратурасы» туралы Заңының 2-бабы). Енді Эстонияның 1998 жылғы «Прокуратура» туралы заңына келер болсақ, онда «прокуратура Әділет министрінің басқару саласындағы үкіметтік мекемеге жатады» деп көрсетілген (Прокуратура туралы Заңының 1-бабы).

Осыған орай, ТМД елдерінің Конституциясы мен өзге де заңнамаларын талдау нәтижесі, қазіргі уақытта бұрынғы ССРО-ның аумағында прокуратура сот билігіне (Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литва, Молдавия), немесе атқару билігіне (Қырғызстан, Эстония), немесе ешқандай да билік тармағына жатпайтындығын (қалған өзге мемлекеттер) көрсетеді.

Жалпы, биліктің бөліну жүйесінде прокуратура органдарының алатын орны туралы мәселе бүгінгі таңда өте өзекті. Әрине бұл мәселе әлемнің әрбір мемлекетінде әртүрлі жолмен шешіледі. Мұның дәлелі болып жоғарыда айтылып кеткен мәселелер табылады.

Ал енді Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның жүзеге асырылуында, сот билігінің тәуелсіз нысанда қалыптасуына байланысты мемлекеттік институттар жүйесінде прокуратураның алатын орны мен рөлі жөніндегі мәселелер әлі де өзекті күйінде қалады. ҚР Конституциясының 83-бабында айтылған: «ҚР Прокуратурасы төменгі тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Республиканың Бас прокурорына бағынатын біртұтас орталықтандырылған жүйені құрайды. Ол өз

өкілеттілігін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан тәуелсіз жүзеге асырады және ол тек Республика Президентіне есеп береді».

Конституция қабылданғанға дейін, мемлекеттік билік органдарының жүйесінде Қазақстан прокуратурасының орны Республикамыздың «Прокуратура туралы» Заңымен анықталды. ҚР Прокуратурасы туралы Заңының 1-бабына сай прокуратура Жоғарғы Кеңеске есеп беретін орган болатын. Қазақстан Конституциясы қабылданғаннан кейін прокуратура органдарының өкілеттігі 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылданған «ҚР Прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлықпен анықталған. Ал оның бірінші бабы прокуратураның Қазақстан Республикасының Президентіне есеп берушілік принципін бекітеді.